

МАМАНДЫҒЫМ-МАҚТАНЫШЫМ

ЖАС ТҮЛЕК -
ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ

(Лицензия KZ30LAA00032738,
26.10.2022, Шерхан Мұртаза
атындағы Халықаралық Тараз
инновациялық институты)

Кәсіптік бағдар беру – қоғам сұранысына қарай әрбір оқушының қабілеті мен бейімділігін ескере отырып, кәсіби қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға және мамандық таңдауға бағытталған педагогтардың, психологтардың мақсатты жұмысы. Кәсіби ақпараттар арқылы студенттер әртүрлі мамандықтардың мәні мен маңызы туралы түсінік алады.

Мамандық таңдау - бұл тұлға қабылдайтын маңызды шешімдердің бірі. Өйткені, болашақ өмірдің қалай дамитынына әсер етеді. Мамандықты дұрыс таңдау жеке тұлғаны жан – жақты дамыту жолындағы маңызды қадам болып табылады, яғни, ол өз амбицияларын жүзеге асыруға және бақытқа әкеледі. Әр ата-ана баласының болашағы туралы ойлайды, бұл кезеңде баланың пікірі мен дарынын, мүмкіндіктер мен тілектерін, болашақ мамандықтың бөлімі мен пайдальығын ескеруі тиіс. Сол себепті қазіргі таңда түлектерге кәсіби бағдар ұсынып, кеңес айту үлкен маңызға ие.

11-сынып оқушыларын «Қандай мамандықты таңдаймын» немесе «Таңдаған мамандығым қалай қол жеткіземін» деген ойлар маңайлауға анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт - бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Сол мақсатта Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтында кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша атқарылатын нақты шараларды анықтап, жоспарлы түрде жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Атап



айтқанда, студенттер мемлекеттік білім беру гранттары мен дәстүрге айналған 100 ректор гранты және қолжетімді ақылы негізде білім алады. Институттың 6 факультетінде 35 бакалавриат және 14 магистрлік білім беру бағдарламасында 15 кафедраның профессор-оқытушылар құрамы қызмет етеді. Студенттер заманауи жабықталған, арнайы мамандандырылған аудиториялармен, студенттері және үлкен спорт кешені, стадионмен толық қамтылған. Оқу үрдісінде қазіргі заман талабына сай студенттерге 4 оқу ғимараты, Рухани жаңғыру және Шерхантану ғылыми зерттеу орталығы, Агробиологиялық ғылыми-зерттеу институты, «Аквакультура», «Ветеринария және мал шаруашылығы» ғылыми-зерттеу орталықтары, «IT және Дрон Академиясы», «Психологиялық релаксация», «Психологиялық кеңес беру» зертханалары, жаңа үлгідегі спорт кешені, 6 оқу және электронды

оқу залдары, интернет желісіне қосылған 15 компьютерлік кластар, тілдерді дамыту орталықтары, баспахана, жаратылыстану ғылымдары бойынша виртуалдық зертханалар бар. Сондай-ақ студенттерге қытай, ағылшын, корей, түрік тілдерін меңгеру үшін тегін тіл үйрету курстары жүргізіледі.

Сонымен қатар, студент жастардың клубтар мен бірлестіктерін таңдап, оған мүше болуларына, қызығушылықтары бойынша өз шығармашылықтарын дамытуға арналған түрлі орталықтар мен жастар ұйымдары жұмыс жасайды. Оқушыларға дұрыс жөн сілтеу ұстаздардың пікірлерін тыңдау мен түрлі саладағы мәртебелі мамандық иелерімен кездесудің маңызы өте зор. Осы мақсатта, оқушыларға болашақ мамандық таңдауға көмектесу және пайдалы кәсіп туралы көзқарастарын дамыту үшін, институт оқытушылары жыл сайын қала, аудан, ауылдағы білім шаңырақтарына барып, мамандық

таңдауда түрлі тақырыптарда еркін әңгіме жүргізіп, институт тарапынан қажетті буклеттер, тараптамалар ұсынылады.

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институттың білім, ғылым берудегі жеткен жетістіктерін таныстыру үшін жыл сайын дәстүрлі түрде мектеп бітірушілеріне «Ашық есік» күні ұйымдастырылады.

Қорыта келгенде айтарымыз, мамандықты дұрыс таңдау жеке тұлғаны жан – жақты дамыту жолындағы маңызды қадам болып табылады. Сол қадамды біздің Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтынан бастасаңыз қателеспейсіз деп айта аламыз.

Рахат ЕЛУБАЕВА,
п.ғ.к., доцент,
Назипа ФАТИХОВА,
Роза АЖИБАЕВА,
аға оқытушылар.

МАМАН КЕҢЕСІ

Дерматомикоз (саңырауқұлақ аурулары)-микроскопия, трихофития, фавус адам және жануарлардың жұқпалы аурулары. Бұл ауруларды өте ұсақ әрі жұқпалы саңырауқұлақтар - дерматофиттер тудырады. Жұқпаның негізгі көздері - науқас адам, мысық, ит, жылқы және ірі қара.

Дерматофиттер теріні, шашты, тырнақтарды зақымдайды. Ауру қоздырғыштары үш түрге бөлінеді: 1. Анофилді түрі тек адамда. 2. Зоофилді түрі адамда және жануарда. 3. Геофилді түрі-топырақта өмір сүреді, ауру сирек тудырады.

Бұл дерт сау адамдарға ауру адамдармен отбасында, шаштарда, моншада, спортпен шұғылданатын орындарда, балабақшалар мен мектептерде тікелей қатынаста жасағанда, яғни ауру адамның заттарын пайдаланғанда (орамал, киім, бас киім, тарақ, ойыншық және т.б.) жұғады. Дерматофиттер организмнен тыс 4 жылға дейін қабыршақта 6 айдан артық уақыт сақталады. Қайнатылғанда 15-30 минутта күшін жояды. Саңырауқұлақтар ашық аулада 22-37

ДЕРМАТОМИКОЗ

цельсий градус температурада коректік ортада өседі. Инкубациялық уақыты: адамда 3-7 күн, жануарлардан жұғатын микроспория 4-6 апта. Балалардың зақымдануы негізінен науқас адамдар және ауру жануарлармен тікелей араласуынан, сонымен қатар саңырауқұлақтың кейбір түрлері ылғалды жерлерде монша, душтын едендерінде, киінетін орындарда көректенеді. Жұқпалы тері аурулары (микроспория) шаш пен жылтыр теріні зақымдайды. Денеңіз тері, бет және аяқ бөліктерінде дөңгелек тәрізді қызғылт түсті теңбіл, ақшыл-сұр қабықпен жабылған, жеңіл қышыма пайда болады. Шаш түскіш болып кетеді. Сырқат теріде қабынған, қабыршықты қызғылт дақтардың, бастың шашты бөлігінде қоздырғыштың спораларынан құралған ақ сақал, мұрт, қас, кірпікте дәл осындай күйге ұшырайды, тырнақ сирек зақымданады.

Жұқпалы тері ауруларының алдын алудың ең маңызды іс-шаралары:

- жеке бас гигиенасын сақтау;
- бөтен адамның гигиеналық заттарын (тарақ, сүлгі, аяқ киім т.б.) қолданбау;
- Монша мен сауналарда жалаң аяқ жүрмей, жеке жабық резина аяқ киімдер пайдалану;
- үйдегі жануарларды иттерді, мысықтарды уақытылы мал дәрігерлеріне көрсетіп, тексеруден өткізу және оларға жұқпалы тері ауруларына қарсы егу жұмыстарын жүргізу;
- жеке гигиеналық заттарды қолданыңыз;
- қоғамдық орындарға барып келгеннен соң қолыңызды мұқият сабынмен жуу;
- өздігінен жазылып кетеді деп қол қусырып отырмай;
- өздігінен ем жүргізбей, дерматолог-дәрігерге қаралу.

Рита АЛТЫНБАСОВА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ТЖ ЕСКЕРТЕДІ

Тұншықтырғыш газ - көміртектің жануы немесе жалғанған жердің жануы кезінде болатын түссіз және иіссіз газ. Бұл газ автокөліктердің пайдаланылған газында, табиғи газда, көмірдің түтінде және шам газдарында болады. Осындай газбен ұзақ уақыт дем алу, сонымен қатар жаракат алған адамда бас ауыру, жүрек айну, бас айналу немесе құлақта шудың пайда болуы тұншықтырғыш газбен уланудың симптомдары болып табылады.

Егер уланудың ауыр түрі болатын болса жаракат алған адамда демнің сал ауруына алып соғуы мүмкін. Ал ол өте қайғылы, яғни өліммен аяқталуы мүмкін.

Жылыту пештерінен шыққан түтінге улану жағдайларының 70% мұржаның талапқа сай болмауынан немесе дұрыс жұмыс істемеуінен болады. Осындай қайғылы жағдайларға жол бермеу үшін тұрғындардың алдымен қырағы болып, төмендегі ережелерді мұқият есте сақтағандары жөн:

- Үйге (пәтерге, саяжайға) өздігінен газ тартуға, газ жабыдығын орнатуға, газ құралдары мен тығын арматурасын ауыстыруға және жөндеуге тыйым салынады - мұндай жұмыстарды білікті мамандар ғана нормалар мен ережелерге сәйкес жүргізе алады;

- Газ жабықтықтарына техникалық қызмет көрсететін мамандар кіріпшген салынған мұржаларды тоқсанна бір рет тазалайды, ал әк пен цементтен жасалған және металл мұржаларды жылына бір рет жылыту кезеңінің алдында тазалайды;
- Жылыту құралдарын қосардың алдында міндетті түрде мұржаның түтін тартуын тексереді;
- Жеке үйлерде мұржа қатып қалмауы үшін қысқы уақытта оны орау керек;
- Іске қосылған мұржаны кірпішпен, сондай-ақ мұржадағы жапқышып жабұға болмайды;
- Мұржаның бас жағына құс ұя салмауына, сондай-ақ жауын-шашын тамбауына орайластырылып жасалуы тиіс;
- Газдандырылған пештер мен мұржалардың қалауы, сылағының тығыздығы өзгерген (жарықтар пайда болғанда) кезде пайдалануға болмайды. Мұржаларда және су жылытқыштың түтін шығаратын құбырларында өз бетінше қосымша шиберлер орнатуға тыйым салынады;
- Терезе (фрамуга), жалоздер және



желдеткіш арналары жабық болса, мұржаларда, желдету арналарында және ванна бөлмесінің есігінде астында түтін тартатын қуыс болмаған жағдайда газ құралдарын қолдануға болмайды.

Газ жабықтықтары немесе жылыту пештері орналасқан бөлмелердің терезелерін түнгі уақытта жабық қалдырмаңыз, газ құралдары

орнатылған жерді демалатын және ұйықтайтын бөлме ретінде пайдаланбаңыз.

Өзіңіздің және жақын адамдарыңыздың өмірін сақтаңыз.

Ержан ӘБДІРӘНМОВ,
аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау капитаны.

Нәресте
жәрдемақысын
онлайн
рәсімдеңіз

Енді жаңа туған нәрестеге берілетін жәрдемақыны алу үшін электронды түрде өтініш беріп, онлайн рәсімдеуге болады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сервисінің аясын кеңейте отырып, оларды танымал қосымшаларға шығаруда белсенді жұмыс жүргізілуде. Осылайша көрсетілетін қызметтерді халыққа ығайлы тәсілмен қолдануды таңдау мүмкіндігін ұсынудамыз.

Қазіргі уақытта жеке кәсіпкерді тіркеу мен көлікті қайта тіркеуді банк қосымшалары арқылы жүзеге асырылуда. Сондай-ақ қазір жаңа туған нәрестелерге жәрдемақыны смартфон арқылы рәсімдеуге болады.

Бұл жобаны іске асырудың мақсаты түпкі-пайдаланушыға барынша қолайлы жағдай жасау. Бұл шара азаматтардың көрсетілетін мемлекеттік электронды қызметтерге деген сенімді арттырады. Екінші деңгейлі банктермен қызметтердің ауқымын ұлғайту және сапасын жақсарту мақсатында әрі қарай ынтывақтастық жүргізіледі.

Бала бір жасқа толғанға дейін оны күтіміне байланысты, кірісінен айырылу жағдайына байланысты тағайындалатын әлеуметтік жәрдемақыға өтінімді Halyk Homebank пен Kaspi.kz мобильді қосымшалары арқылы беруге болады. Бұл үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бөліміне кіріп, дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді растау қажет. Одан кейінгі қадам – «Баланың тууына жәрдемақы» бөлімін және өтініш берілетін баланың деректерін таңдау. Кейін барлық деректерді тексеріп, ЭЦҚ арқылы қол қоясыз. Клиент өтінімді жіберіп, оны мемлекеттік орган қарағаннан кейін клиентке PUSH хабарламасы жолданады және өтініштің қарау нәтижесі мен тағайындалған жәрдемақы көлемі туралы SMS жіберіледі. Көрсетілетін қызмет түріне өтінішті бала туғаннан бастап бір жыл ішінде кез келген уақытта жолдауға болады.

Өтінішті алдын ала ХҚКО, электронды үкімет порталы немесе 1414 нөмірі арқылы SMS сервиспен беруге болады. Бұл қызмет жоғарыда аталған сервистер бойынша көрсетілетін ең танымал қызметтердің бірі саналады және тұрғындар арасында сұранысқа ие.

Қазіргі уақытта Halyk Homebank пен Kaspi.kz ығайлы сервистері мен интеграциялаудың нәтижесінде өтінімдер сәтті қабылданып жатыр. Қазіргі кезде көрсетілетін қызметке Kaspi.kz мобильді қосымшасында iOS мен Android қолданушылары үшін және Halyk Homebank мобильді қосымшасында Android қолданушыларына қолжетімділік бар.

Данияр АМИРБЕКОВ,

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалы әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Байзақ ауданының бөлімі басшысы.

"ҚАУІПСІЗ ЖОЛ"
ІС - ШАРАСЫ ӨТУДЕ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2024 жылғы 1 тоқсанға арналған жедел алдын алу іс-шаралары кестесіне сәйкес, жүргізушілер арасындағы көліктердегі тәртіпті арттыру, жол-көлік оқиғаларының санын азайту, жол ережелерін бұзудың алдын алу мақсатында аудан көлемінде 5 - 29 ақпан аралығында «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

«Қауіпсіз жол» шарасы аясында жол қозғалысы ережелерінің өрескел бұзылуын анықтау, сонымен қатар көлік құралын мас күйінде басқару, бағдаршамның тыйым салынған белгісінен өту, қарсы қозғалыс жолағына шығу, жылдамдық режимін бұзу, тағы басқа құқықбұзушылықтарды анықтап, жолын кесу, автокөлік жүргізушілер мен жолшылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Құрметті жүргізушілер! Жол қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтап отырып, жол апатынан өздеріңізге және жақындарыңызға абай болыңыздар!

Мұхтар ҚОҢБОСЫНОВ,
аудандық полиция бөлімі ЖІПКБ
бастығы, полиция майоры.

МҰРАГЕРЛІК ІСІ

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Базарбай ауылы, Н.Молдиев көшесі, №10/2 үйдің тұрғыны болған **Жумасев Маратбек Абдихаевичтің** 2023 жылдың 25 қыркүйегі күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Медеулов көшесі, №64 "А" үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері Салтанат Коскебаеваға жолығулары керек.

* * *

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Ақкия ауылы, Молдағұлова көшесі, №28 "а" үйдің тұрғыны болған **Жумасев Маратбек Абдихаевичтің** 2023 жылдың 11 қыркүйегі күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Медеулов көшесі, №33 "А" үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері Зауреш Назарбековаға жолығулары керек.

А

МЕНШІК ИЕСІ:
"Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы» -
«Сельская новь»
газетінің редакциясы» жауапкершілігі
шектелуі ескіріткісі
ДИРЕКТОР
Бауыржан ЖАҚСЫМБЕТОВ
БАС РЕДАКТОР
Гүлшарх ЕРМҰРАТОВА
тел: 2 - 28 - 60

Сүндетулла ӘБІЛОВ - Бас редактордың орынбасары
Анар ЖАТҚАНБАЕВА - бас есепші
Елена КЕМ - корректор
Нұрбек СҮГІРБЕКОВ - компьютер орталығының жетекшісі
Айдар АЛДАБЕРГЕНОВ - фототілші

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде (22.11.2018 жылы) тіркеліп, № 17366-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Қалыбы ЖШС-і "Салық тәртібі" баспаханасында жасалып, көбейтілді.
Тараз қаласы, Төле би көшесі, №36 үй.
- Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.
- Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Тілшілер, хаттар бөлімі: 2 - 12 - 37.
Компьютер орталығы, есеп бөлімі: 2 - 15 - 70.
Газет сайты: www.auil-zhanaligy.kz
Электронды пошта: auil@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс 080100.
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы,
М. Х. Дулати көшесі, 10 "а" үй.
Таралымы 3127. Таспырыс №118
Газет аптасына екі рет шығады.
Кезекші редактор Е. КЕМ